

Есен

Н 2-9.12-2023
1 баспа 05.01.2023



БЕКІТЕМІН



М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік
университетінің Әлеуметтік мәдени-
тану жөніндегі проректор

А.Е.Тұрлыбек

2024 ж.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің

Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығының

2023-2024 оқу жылында атқарған жұмыстар

ЕСЕБІ

М.Х Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығының
2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыстар
ЕСЕБІ

Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығы М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің Даму стратегиясы жоспарын басшылыққа алып, жастардың шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын дамыту, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, әлеуметтік белсенділігін арттыру, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсаттарына қол жеткізу үшін келесі міндеттерді алға қояды:

- шығармашылық студиялар мен ұжымдардың қызметін ұйымдастыру;
 - дарынды, қабілетті жастарды анықтап, шығармашылық студияларға тарту;
 - оқытушылар мен студенттерге университеттің мәдени-көпшілік іс-шараларын жоғары деңгейде ұйымдастырып, облыс, қала көлеміндегі іс-шараларға креативтік, жаңаша тәсілдемелер қолданып, белсене қатысып, университеттің ішкі және сыртқы имиджін нығайту;
 - жастар арасында ұлттық өнерді насихаттайтын көркемөнерпаздық ұжымдарды қалыптастыру;
 - шығармашыл студенттерді университеттің қоғамдық өміріне, мәдени-көпшілік іс-шараларына белсене қатысуын қамтамасыз етіп, өздерінің мүмкіндіктеріне деген сенімін арттыру;
 - университет түлектері - болашақ мамандар дүниетанымы кең, жан-жақты дамыған, шығармашыл тұлға болып қалыптасуына жағдай жасау;
 - орындаушылардың мәдени және кәсіби деңгейін шыңдау;
 - облыстық, қалалық байқауларға қатысуына мүмкіндік жасау;
 - студенттердің эстетикалық талғамын, рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту, патриоттық сезімдерін қалыптастыруға ықпал ететін мәдени, шығармашылық іс-шараларды ұйымдастыру.
- қызмет атқарады.

2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспарына сәйкес жастардың арасынан дарындыларын анықтау, шығармашылыққа және белсенділікке тарту мақсатында Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығының жүргізген үгіт-насихат жұмыстарының нәтижесінде вокал, сән студиясы «DU models», жүргізушілер мектебі, хореография студиясының «Сылқым» және «Blesting» қазіргі заманауи би топтары құрылып, кестелерге сәйкес сабақтары жүргізіліп, іс-шараларда өнер көрсетуде. Қазіргі таңда Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығының студияларына барлық факультеттерден қатысатын студенттер саны -219.

Орталықтың студияларында оқу жылы басында хореограф – білікті маманда А.Қозайыр (құрамында 50 студент қатысады «Ерке сылқым» халық би тобының жетекшісі) студенттерге би қимылдарын үйретіп, ұтымды әдіс-тәсілдерін қолданып, аз уақыт ішінде хореографиялық қойылымдар – әр түрлі халықтардың бағытындағы би қойылымдарын дайындап, мемлекеттік мерекелерге, мәдени-көпшілік іс-шараларға бұрын мүлде бимен айналыспаған жастарды қатыстырып, кәсіби деңгейде өнер көрсетуге мүмкіндік туғызды.

Есеп беру аралығында қазақ мәдениетін, тарихын, ата-бабамыздан қалған әдет-ғұрыпты, күй тартуды үйрету сабақтары арқылы танытатын, ұлттық нақышта тәрбие беретін, 26 студентті қамтитын халық-аспаптар студиясында (ансамбль жетекшісі С.Рысметов) домбыра тартуды үйренуге қызығушылық танытқан студенттерге сабақ беріп, арасынан икемді жастарды іріктеп, Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласының Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы деген бөлігінде айтылғандай, Ұлы даланың сарындары, фольклоры мен әуендерін қазақтың көне ұлттық аспаптары арқылы халыққа насихаттауды алдарына мақсат қойып, аз уақыттың ішінде репертуарын кеңейтіп, «Саз қоңыр» қазақ ұлттық аспаптар ансамблі университетте құрылған және түрлі аспапта ойнайтын 4 жігіттен құралған «Дулати серілері».

Вокал студиясының жетекшісі М.А.Рахиев (17 студент) пен Н.Жарасбеков (16 студент) музыкалық қабілетімен ерекшеленген 33 студенттердің ән айтуға қызығушылығын, өздерінің дауыс мүмкіндіктеріне деген сенімін арттырып, сахна мәдениетіне тәрбиелеп, барлық университеттің іс-шараларында жастарды өнер көрсетуге дайындап жүрген мамандар. Студияда жекеше ән айтатын өнерпаздармен қатар «Шахназ» триосы, «Каусар» квартеті құрамында студенттер өнер көрсетеді. Әншілер репертуары қазақ, өзбек, орыс, украин, түркмен, кәріс, үнді, поляк, армян тілдеріндегі және жастардың талғамына сай заманауи шығармаларымен кеңейтілген. Орындалып жүрген әндердің жалпы саны – 49, оның ішінде: лирикалық әндер - 15, патриоттық әндер – 26, заманауи ритмдегі әндер – 5 және өзге тілдегі әндер саны - 3.

Орталықта қыздардың эстетикалық талғамын дамытып, этикалық ұғымдарды қалыптастырып, инабаттылыққа, әсемдікке тәрбиелейтін 42 бойжеткен қатысатын, сән студиясында А.Түймебай жетекшілік етеді. Сән студиясына қатысатын қыздарға университет қорындағы жоғары шеберлікпен, сапалы дайындалған сахналық үлгідегі киімдер - бүкіл республикаға өзгешелігі, әдемілігімен танылып, сұранысқа ие болған костюмдер сахна төрінде көрермендердің әрдайым қызығушылығын тудырады. Студент қыздар осындай костюмдермен облыс, қала көлеміндегі, университетте өтетін көптеген іс-шараларға қатысып, сонымен қатар іс сапармен келген жоғары шенді қонақтарды қарсы алады.

Мұхаммед Хайдар Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті – еліміздің оңтүстігіндегі ең ірі білім, мәдениет және ғылым орталығы болғандықтан университетте көптеген іс-шаралар өткізілуіне байланысты жүргізушілерге мұқтаждық туындап, сонымен қатар көпшілік алдында іс-шараны жүргізу студенттердің көркем сөйлеп, мәнерлеп оқып, жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасайтыны ескеріліп, Жүргізушілер мектебі ұйымдастырылып, 20 студенттен құрылған топқа А.Бүрлібаева жетекшілік етеді.

Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығының студияларына қатысатын 105 өнерлі жастардың ең епті, белсенді, дарындылары университеттің мәдени-көпшілік іс-шараларында тұрақты, қызығушылықпен өнер көрсетеді.

**Факультеттер бойынша шығармашылық студияларға
қатысатын студенттер саны**

№	ФАКУЛЬТЕТТЕР	СПЖТУИ	ЭЖҚ	СжӨФ	ЖҒФ	ТФ	ПЖӨФ	ДШЖАӨДФ	Барлығы
	СТУДИЯЛАР								
1	Вокал М.А.Рахиев	2	2		4	2	4	3	17
2	Вокал Н.К.Жарасбеков	2	2	1	3	2	4	2	16
3	Оркестр жетекшісі С.Н.Өлімбай	1			2	4	19		26
4	«Ерке сылқым» А.Қозайыр	4	10	1	4	8	16	7	50
5	Сән студиясы А.Түймебай	5	5	7	3	6	3	13	42
6	Жүргізушілер мектебі А.Бүрлібаева	6	9	4	4	9	11	10	53
	ВСЕГО	21	31	14	21	34	58	40	219

Ағымдағы оқу жылының бірінші жартыжылдығында Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығы бірнеше көркем-эстетикалық және патриоттық бағыттардағы тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастырды. Атап айтқанда:

12.09.2023 ж. - Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығының шығармашылық студияларына бірінші курс студенттерін тарту үшін үгіт-насихат жұмыстары онлайн форматында ұйымдастырылды; Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығы факультеттердің бірінші курс жастарын студенттер қатарына қосу және студенттік билет табыстау үшін ұйымдастырылған іс-шараларына, қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі мәдени-көпшілік, спорттық іс-шараларға да белсене қатысып, өнер көрсетті.

27.09.2023ж. – Тех алаңшасында «Студенттер қатарына қабылдау» кеші өтті. 1500 студент қамтыған кеште облысымызға танымал өнерпаздар өнер көрсетті. Кеш тізгінін Есенхан Алмас пен Ерғалиев Әсет жүргізді. Студенттерге Білім кілті мен Студенттік билет салтанатты түрде тапсырылып, студенттердің анты қабылданды. Кештің соңы Дулати университетінің гимніне белсенді студенттердің флешмобы мен от шашумен аяқталды.

6.10.2023ж. – М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде өнерлі, дарынды жастарды анықтап, шығармашылық қабілеттерін дамыту, қолдау көрсету мақсатында барлық факультеттердің бірінші курс студенттерінің арасында онлайн форматында «Жас талант-2023» шығармашылық байқауы өткізілді. Студент-жастар бағын сынап хореография, вокал, күй, ән-терме, бейнелеу өнері номинациялары бойынша өнерлерін көрсетіп, ватсап қатысқан барша студенттер өнерлерін, орындаушылық шеберліктерін желісі арқылы жіберді. Байқауға 7 факультеттен 85 жастар қатысты. Өнер додасына шыңдау үшін Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығының студияларына қамтылды (75).

«Жас талант-2023» байқауы өтті. Байқауға 7 факультеттің өнерлі студенттері қатысты. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- вокал (соло, дуэт, трио және т.б.), (минус фонограммамен жанды дауыста ғана орындау);
- хореография;
- әртүрлі музыкалық аспапта орындау;
- соны (оригиналды) жанр (цирк, акробатика және т.б.);

22.12.2023ж конференсье.

Іріктеу кезіңінен кейін Төле би 68, 4.1 акт залында Гала концерт ұйымдастырылып, байқауда үздік өнер көрсеткен жеңімпаздары марапаттау рәсімі өтті.

27.10.2023ж. Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» Қала күніне орай Ы.Дүкенұлы атындағы қалалық мәдениет үйінде «Бьюти байқау» атты жастар арасында сұлулық және сән байқауы болды. Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығының сән студиясына қатысатын 12 студенттер қатысып өз өнерлерін көрсетіп атсалысты.

24.10.2023 ж. – 25 қазан Республика күніне арналған «Мәңгілік жаса-қыран елім» атты салтанатты мерекелік концерт өтті. Концерттік нөмерлерде өнер көрсеткен студенттер саны- 85 ке жуық. Концерте 50 студенттен құралған «Хор», «Томирис» би ансамблі, «Шахназ», «Каусар» вокалдық триолар және «Дулати серілері», «Дулати жастар театры» өнер көрсетті.

17.11.2023ж.-«Халықаралық Студенттер күніне» арналған студенттік мерекелік кешіне Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығы мен Әлеуметтік және тәрбие жұмысы бөлімінің ұйымдастыруымен «Дулати жастар театрының» «Диляфруздың төрт күйеуі» атты комедиялық қойылым, марапаттау рәсіміне-«Сән студиясының» студенттері, «Blesting» заманауи би тобының қатысуымен үлкен іс шара дайындалған. (93 студент қатысты)

28.11.2023ж.- «Жұлдызды Дулати-2023» байқауы профессор – оқытушылар құрамы арасында өтті. Университетіміздің жұлдызды дуэте 1 институт пен 6 факультет қатысты. Байқаудың ашылуына «Әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі басқарма» қызметкерлерінің «Опмай-опмай» әнімен ашылды.

22.12.2023ж.- «Жаңа жыл-2024» студенттік балл кеші өтті. Концертті «Blesting» заманауи би тобының «Ақшақар» биімен ашылды. Жылдың ең үздіктерін анықтайтын түрлі номинациялармен Марапаттау рәсімі өтті. Ары қарай «10 ted/ dulaty квартетінің «Жаңа жыл» әнімен ұласты. Кештің соңын КВН құрама командасы жандырды. Жастарға арналған дискотекамен кеш аяқталды.

27.12.2023ж.- «Жаңа жыл-2024» - М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің қызметкерлеріне арналған жаңа жылдық кеш «Бақ сарайы» мейрамханасында өтті. Әлеуметтік желі арқылы үздіктерді анықтайтын арнайы номинациялармен марапатталды. Бөлімдердің дайындаған креативті құттықтау бейнероликтері көрсетілді. Әріптестерді шығармашылық өнерге бейімділігін ашу және ұжымдық рухты асқақтату мақсатындай байқау ұйымдастырылды. Байқауға институт пен факультеттің қызметкерлері қатысты. «Аяз ата мен Ақшақардың» әріптестерді құттықтауы. Кештің жалғасы қызметкерлердің өнерімен ұласты.

18.01.2024ж.- М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің профессор-оқытушылар мен қызметкерлер арасындағы институт пен факультет аралық «Денсаулық» спартакиадасының ашылуы салтанаты өтті. «Сылқым» би ансамблінің қазақ биі мен Керімқұлова Гүлжанардың «ТУҒАН ЖЕР» әнімен ашылды.

19.01.2024ж.- М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде Д.И. Менделеев атындағы Ресей Химия-технологиялық университетінің өкілдігі ашылды. Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбековтың қатысуымен өткен ашылуында 40 қыздан құралған «Сән» студиясының қыздарымен және «Қоңыр-саз» асаптық оркестрмен қонақтарды күтіп алды.

7.02.2024ж.- М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің профессор-оқытушылар мен қызметкерлер арасындағы институт пен

факультет аралық «Денсаулық» спартакиадасының жабылу салтанаты өтті. Спорттық флешмоб би мен Сапиев Ернұрдың «Елім-ай» әні орындалды. Марапаттау рәсімі. Жарыс жеңімпаздары марапатталды.

22.02.2024ж- М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде «Толық адам ілімі» залы ашылды. Конференцияға келген қонақтарды «Сән» студиясының қыздарымен және «Қоңыр-саз» асаптық оркестр күтіп алды.

29.02.2024ж- Дулати университеті қабырғасында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Қаратай Тұрысовтың 90 жылдығына арналған дөңгелек үстел жиыны өтті. Жиынға келген қонақтарды «Сән» студиясының қыздарымен және «Қоңыр-саз» асаптық оркестр күтіп алды.

1.03.2024ж- 1-наурыз алғыс айту күніне орай «Март» сауда орталығында концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Кеш барысында қызықты ойындар ойнатылып, көңілді ән шырқалды.

6.03.2024- Дулати университеті: «Болашаққа жаңа қадам» форумы өтті. Конференцияға келген қонақтарды «Сән» студиясының қыздарымен және «Қоңыр-саз» асаптық оркестр күтіп алды.

7.03.2024ж- «8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне арналған «Әлемнің сыйы әйелге» атты мерекелік іс-шара өтті. Іс-шараға 85 тен аса студенттер қатысты. Сюжетті қазақ биі «Томирис», Марапаттау рәсімі, «Қыздар-ай» әні трио «Жігіттер», Би сүйемелдеуі 16 қыз «Томирис», «Ана» қойылымы «Дулати жастар театры», Дуэт Мона «Ана» әні, Би сүйемелдеу вальс- 2 пар Қонақ қыз-келіншектерге гүл тарату, «Гүлмін» Алуа -«Гүлдер» би сүйемелдеу, Татар биі «Томирис» Ән- «Попурри», нәзік жандыларға тосын сый жасап, құттықтап келген - Қазақстан эстрада жұлдызы, біздің университетіміздің түлегі Аманғали Сыпабеков, Хор «Қуанышым менің» 40 адам өнер көрсетті.

20.03.2024ж- М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде «Қош келдің әз Наурыз» мерекесін өткізілді. «Дулати жастар театрының» көрісу қойылымымен басталды. «Томирис» би ансамблінің Шашу биі, «Дулати серілерінің» «Алаш аманаты», «Ер тұран» күйлері, Бекмурзаева Мадинаның «Көктем вальсі», «Жақсы адамдарым» әндері, Керімқұлова Гүлжанардың орындауындағы «Туған ел» әні және Сапиев Ернұрдың «Бір шәугім шай» әндерімен ұласты. «Ұлыстың ұлы күні-Наурыз» Қасиетті ораза айымен тұспа тұс келгендіктен оқытушыларымызбен студенттерімізге ауыз ашарға дастархан жайылды.

21.03.2024ж- Тараз қаласында Ұлыстың ұлы күні- Наурыз тойланды. Дулати университеті «Ана көрген тон пішер» тақырыбында үй тігіп, безендірілді! Қазақ үй ішінде отырған бұрымдылар ою ойып, құрақ қазақ өнерінің тамаша үлгісін көрсете білді.

03.04.2024ж- 3 сәуір күні М.Х.Дулати атындағы Тараз Өңірлік Университетінде «Ғылым және коммерцияландыру» департаментінің ұйымдастыруымен «Ұшқышсыз технологиялардағы инновациялар» Қытай мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастық тақырыбында көрме өтті. Көрмеде -«Сән студиясының» студенттері, жүргізушілер қатысты.

08.04.2024ж- М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің «Тәуелсіз елдің ұлағаттары ұстаздары!» атты педагогикалық ұжымдар көркемөнерпаздары шығармашылығының VIII облыстық фестивалі өтті. Фестивальде Университетіміздің профессор оқытушылар құрамы мен қызметкерлері сахна төрінде өнер көрсетті.

23.04.2024ж- М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ Өңірлік УНИВЕРСИТЕТІНДЕ «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ» КӘСІБИ МЕРЕКЕГЕ ОРАЙ ӨТІЗІЛЕТІН САЛТАНАТТЫ ЖИЫНЫ ӨТТІ. Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығының «Қазақ» биі. Томирис би ансамблі мен Бекмурзаева Мадинаның «Жақсы адамдарым» әнімен ашылды.Ғылым қызметкерлерін марапаттау рәсіміне «Сән студиясының» қыздары атсалысты.

02.05.2024ж- Дулати Университеті студенттер арасында «Дулати Аруы-2024» сұлулық байқауы өтті. Байқау шарттары: 4 кезеңнен тұрды: 1-кезең; «Мен қазақтың қызымын»- Сәлемдесу рәсімі.

2-кезең: «Өнерліге-өріс кең» -Өнер сайысы.

3-кезең: «Ажарлы сұлу ғажап тым...» -кешкі сән үлгісін көрсету:

4-кезең: «Зерделінің ойы озық»- танымдық сайысы:

Ару қыздарымызға байқау соңында Дулати Университеті ректорының арнайы дипломы мен алғыс хаттары, естелік сыйлықтары табыс етілді. Сондай-ақ жүлделі орын иегерлері мен қатысушылары қаржылай сыйлыққа ие болды.

Университет қорындағы жоғары шеберлікпен, сапалы дайындалған сахналық үлгідегі киімдер бүкіл республикамызға өзгешелігі, әдемілігімен танылып, сұранысқа ие болған костюмдеріміз сахна төрінде көрермендердің эстетикалық талғамдарынан шығып, әрдайым

қызығушылығын тудырады. Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығында кәсіби, білікті мамандар жұмыс атқаруының нәтижесінде 2021 жыл –жоспарға сәйкес өткізілетін іс-шараларға дайындалып жүрген хореография қойылымдары күрделілігі, эстетикалық тұрғыдан тартымдылығымен, ансамбльдік, вокал топтары, сонымен қатар «Саз қоңыр» қазақ ұлттық аспаптар ансамблі де репертуарын кеңейтіп, қызықты шешімдерді қолдануға ізденіп, қазақ ұлттық өнерін насихаттауға, көрермендерді қуантуға атсалысуда.

Студенттердің шығармашылығын
дамыту орталығының басшысы


/қолы/

Бүрлібаева. А.З.